



Аудан орталығында Еңбек Ерлеріне орнатылған ескерткіш-белгі

«Даңқты тұлғалар» Ауданымыздың Социалистік Еңбек Ерлері /оқыту-ағарту энциклопедия тұжырымдамасы/

Амангелді, 2020ж.

Еңбек адамдарын құрметтеу – Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың алға қойған үлкен міндеттерінің бірі. Елбасы «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласында еңбек адамының беделін көтеру қажеттігі туралы және ел игілігі жолында ерінбей еңбек ету керектігін баса айтқан болатын.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ, ауданымызда 1948 жылы Ұлы Октябрь революциясының 30 жылдығы құрметіне 14 адам КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағын алды. 1976 жылы 1916 жылғы халық қозғалысының 60 жылдығына орай, еңбектегі жоғары көрсеткіші үшін тағы бір жерлесіміз Тарғынбек Жәкенұлы Тілеулинге Социалистік Еңбек Ері атағы берілген болатын. Кешегі кеңестік көзқарас тұрғысынан алғанда ауданымыздан осынша адамның Еңбек Ері деген атаққа ие болуы – еңбек адамына деген зор құрметтің белгісі еді.

Біздің ауданымыз әрқашан халық батырларымен, терең тарихымен, еңбек ардагерлерімен мақтанады. Тарихта мәңгі сақталып, келешек ұрпаққа өсиет болып жететін бұл кітапқа ауданымызға ерекше еңбегі сіңген тұлғалардың есімі жазылған, өмірінің ұзақ жылдарын Отанына, өз еліне арнаған тұлғалар, Социалистік Еңбек Ерлері, Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендері, «Құрмет Белгісі», «Ерен еңбегі үшін» медаліне ие болған кісілер туралы мәліметтер жинақталды. Кешегі кеңестік кезеңде еңбектегі ерліктің тамаша үлгілерін көрсеткен аға ұрпақтың есімін қайта жаңғырту, еңбек адамдарына құрмет көрсету, оларды насихаттау, Еңбек Ерлерінің жасампаз істерін жадымызда сақтап, кейінгі жас ұрпаққа үлгі-өнеге етіп қалдыру – біздің басты мақсатымыз.

Арнайы шығарылғалып отырған аудан тарихындағы қилы кезеңдерде елге ұйытқы болған, өнегелі еңбегімен үлгі болған алдыңғы буын ағалар мен бүгінде халық игілігі үшін табысты еңбек етіп келе жатқан замандастарымыз туралы бейнелі анықтама десе де болғандай.

Ауыл шаруашылығы саласының майталмандары: Қазақ ССР Жоғарғы Советінің екі мәрте депутаты, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сыздықов Сейілхан, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттары механизатор Мұхамбетова Бексұлу, Өтеев Қожамұрат, Ленин орденді шопандар Ө.Жандаулетов, А.Амангелдин, Ж.Әйтішев, С.Князов, Е.Бейсенов, Б.Нұрғожин, Ғ. Садуақасов, Ә.Қауынбаев, Т.Құлмағанбетов жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді.

Ауыл шаруашылығының тамаша ұйымдастырушылары «Қазақ ССР-на еңбек сіңген ауыл шаруашылығы қызметкерлері» Әбдісадық Нұржанов, Сыздық Әбжанов, Амангелді аудандық автотранспорт кәсіпорнының жүргізушісі Социалистік Еңбек Ері Тарғынбек Тілеулиннің есімдері бүгінде құрметпен аталады. Бүгінде «өз мемлекеттерінің» баға жетпес символдық капиталы саналады әрі сол елдердің халықаралық аренада тиімді ілгерілеуіне септігін тигізіп отыр. Сондықтан, біз біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек», – деп Елбасымыз өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында жазды.

Осы мақсатта Амангелді аудандық ОКЖ-де «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты Амангелді ауданынан шыққан Социалистік Еңбек Ерлерін келешек ұрпаққа насихаттап, ұлы тұлғаларды келешекте ұлықтап, өздерінен кейінгі ұрпаққа аманат ету мақсатында, шағын оқыту-ағарту энциклопедия тұжырымдамасы құрастырылып шығарылды.

Кітапшада ауданымыздың «**Даңқты тұлғалар**» Социалистік Еңбек Ерлерінің өмірбаяндық деректері, фотосуреттер еңбек ерлернің өмір жолдары мен еңбектері туралы баяндалған

Бұл басылып шығарылған оқыту-ағарту энциклопедиясы тұжырымдамасының мақсаты «Ерлік-елге мұра, ұрпаққа-үлгі» бабаларымыздың әрбір жүріп өткен жолы - біз үшін үлгі, шежіре, тағдыр - тарих. «Ел ерімен еңселі», «Елім» деп еңіреп туған ерлердің есімі еш уақытта елеусіз қалмайтыны ақиқат. Халық мұндай тұлғаларды жыр аңызға айналдырып, өшпес ерлігін ауыздарынан тастамай, жан жүрегінде сақтайды. «Жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ер жетесіз» деп атам қазақ бекер айтпаған ғой. Біз ата тарихын саралап, тарих қойнауын аралап, ұлыларымызды даралаудамыз. Ондағы мақсат - ұлыларды зерттеп, олардың мол мұрасын кейінгі ұрпаққа аманат ету.

Аудан шамшырақтары

Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы Атқару Комитеті Президиумының Жарлығымен 1928 жылы 17 қаңтарда Батпаққара ауданы құрылды. 90 жылға таяу тарихы бар ауданымыз осы жылдар ішінде небір қиын-қыстау кезеңдермен қатар қуаныш әкелген табысты жылдарды басынан өткерді. 1928 жылы аудан құрылғанда 14 ауылдық кеңестің есебінде 32208 адам, 19281 бас жылқы, 25972 бас ірі қара, 83871 қой-ешкі, 5157 түйе болған екен. Көп ұзамай елді есеңгіреткен 1932-33 жылдардағы алапат ашаршылықтың салдарынан осы адамның жартысынан астамы, ал малдар бүтіндей жоқ болды. 1936 жылы 21 қыркүйекте ауданымызға Амангелді батырдың есімі берілгеннен кейінгі кезеңде 15 ауылдық кеңеске қарасты 65 серіктестік жұмыс істеді. Мал азығының шығымдылығын арттыру мақсатында, аудан көлемінде Айтқұл Құмөткел, Бисапак, Аяқ бөгет, Бижанның қара бөгеті, Кенжетай, Үш бөгет, Дәмді, Қара арық, Қызыл арық Алтыбас, Ырымбай, т.б жерлерге бөгеттер салынып, арықтар қазылды. Осы жұмыстардың барлығы ел басқарған азаматтардың ұйымдастыруымен, қол күшімен жүзеге асырылды.



Жалдама-Торғай өзендерінің екі бетіндегі сол кездегі қазылған суландыру жүйелерінің орындары осы уақытқа дейін сақталған, оларды ашық дала мұражайы десе де болады.

Шаруашылық оңалып, халық ес жия бастағанда келген «37 жылдың нәубеті» 3-4 жылға созылды. Репрессия құрығына іліккендердің негізгі бөлігі халықтың қадірлі азаматтары, ұлттың қаймағы еді.

1938-1940 жылдар аралығында аудан халқының жағдайы біршама жақсарып, ауыл шаруашылығы алға баса бастаған кезең болды. Жергілікті басшы кадрлар тәрбиесіне көңіл бөліне бастады.

1927 жылдан ауылдық кеңес төрайымы, колхоз басқармасы, Амангелді аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарған, аудан әйелдерінің арасынан шыққан алғашқы ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастырушы, қоғам қайраткері Дауылбаева Шөкен 1935 жылы Қазақстан Республикалық партия съезіне делегат ретінде қатысып, Республика Орталық Атқару Комитетінің мүшелігіне енгізіледі.

Аманкелді ауданы республиканың ең ірі мал шаруашылықты аудандарының бірі болды. Өткен ғасырдың 80-ші жылдары аудан шаруашылықтарындағы қой басы 600 мыңнан астам, 20 мыңнан астам жылқы болды. 14 атақты малшы Социалистік Еңбек Ері атанды. Олардың ішінде – Досан және Қосан Есполовтар, А.Сыздықов, К.Жансапақов,

Ш.Жұманов, Н.Нұрғожин, Б.Шаяндин, М.Алтынбаев, Б.Омаров, Б.Сапиев және басқалар бар.

1936 жылға дейін Батпаққара ауданы болып аталды. Аманкелді – облыстың ең ірі ауданы, оның аумағы – 22650 шаршы шақырымнан асады. Аудан орталығы – Аманкелді селосы. Оның 12 ауылдық округтарында 20 мыңға жуық адам тұрады.

Аманкелді ауданының аумағы тас және қола дәуірлерінен қалған тарихи ескерткіштерге өте бай. Бір кездері Торғай өзенінің бойымен халықтардың ұлы көші, онан соң сауда керуендерінің легі ағылып өтіп жатқан.

Өткен ғасырдың басында бұл жерлер маңызды саяси оқиғалардың орталығы болды. Осы байтақ далада Аманкелді Иманов бастаған халық-азаттық қозғалысының жасақтары шайқасты. Және кеңес өкіметі де бұл ауданда Қазақстандағы алғашқылардың бірі болып орнады.



*Қой шаруашылығы бойынша
Республикалық жиынға
қатысушылар.*

*Алматы қаласы, 1964 жыл,
мамыр.*



**Қой шаруашылығы
1970 жыл**

Міне осы жерде ауданнан шыққан еңбек батырларын да атап кету орынды. Олар Социалистік еңбек ерлері:

- | | |
|--------------------------|-----------------------|
| 1.Алтынбаев Мырзағали | 10.Сәпиев Баяхмет |
| 2.Әмзин Намазбай | 11.Сыздықов Әбу |
| 3.Есполов Досан | 12.Тоңашин Мұхамедия |
| 4.Есполов Қошан | |
| 5.Қожабаев Бірәлі | 13.Шаяндин Бисапақ |
| 6.Нұрғожин Мұқыш | 14.Шайкенов Еркін |
| 7.Омаров Байділда | 15.Тілеулин Тарғынбек |
| 8.Жансапақов Қалмағанбет | |
| 9.Жұманов Шағыр | |

*Республикалық қойшылар жиналысына
қатысушылар. Алматы қаласы, 1964 жыл, мамыр.*

Амангелді ауданының тарихы. Хронологиялық тізімі:

- 1928 жылдың** 17 – қантарда Батпаққара (Амангелді) ауданы құрылды.
- 1929 жылы** 2- қарашада сталиндік-голошикиндік геноцитке қарсы Батпаққара көтерілісі басталды.
- 1932 жылы** ауданды аштық жайлады.
- 1936 жылы** Батпаққара ауданы Амангелді ауданы болып өзгертілді
- 1941-45 жылғы** Ұлы Отан соғысына ауданнан 3 мыңнан астам азамат қатысты.
- 1948 жылы** 14 амангелділік Социалистік Еңбек Ері атағын иеленді.
- 1957 жылы** ауданда алғаш рет «Қайыңды» кеншары құрылды.
- 1962 жылы** Амангелді ауданынан Арқалық ауданы жеке бөлініп шықты
- 1969 жылы** А. Иманов мемориалдық мұражайы ашылды. Оның тұңғыш директоры белгілі журналист Тәшім Құсайынов болды
- 1976 жылы** жүргізуші Тарғынбек Тілеулин Социалистік Еңбек Ері атанды
- 1977жылы** Амантоғай ауданы бөлініп шықты. Осы жылы Төкен Елтебаев атындағы аудандық музыка мектебі ашылды
- 1988 жылы** Амангелді ауданының құрылғанына 60 жыл толу тойы аталып өтті
- 1992 жылы** ауданның тұңғыш әкімі болып Орал Байқонысұлы Мұхамеджанов тағайындалды.
- 1998 жылы** аудан әкімі болып Сабыржан Ахметов тағайындалды.
- 2004 жылы** аудан әкімі болып екінші рет Сабыржан Ахметов тағайындалды.
- 2005 жылы** ауданда мәслихат шешімімен тұңғыш рет «Ауданның құрметті азаматы» атағы тағайындалып, оны облыс әкімі С. В. Кулагин, ҚР Парламент Мәжіліснің төрағасы О. Б. Мұхамеджанов, «Қазмұнайгаз» сауда орталығының бас директоры Ә. Арғынғазиндер алғашқылар болып иеленді.
- 2006 жылы** аудан әкімі қызыметіне баламалы сайлау өткізіліп, Сабыржан Ахметов бірауыздан қайта сайланды.

2007 жылы дәнді дақылдардың жер көлемі 45000 гектарға жеткізілді.

«Біртерезе» орталығы, «Нұр Отан» партиясы өкілдігі, Ардагерлер үйі бой көтерді.

Қарынсалды және Тасты орта мектептеріне еуро жөндеу жүргізілді.

2008 жылдың қыркүйек айында Амангелді ауданы 80 жылдығын атап өтті

2016 жылы ауданда Ұлт азаттық көтерілістің 100 жылдығына арналған іс-шаралар өткізілді

2017 жылы Ұлт азаттық көтерілістің батыры Кейкі Көкембайұлының бас сүйегін жерлеу рәсімі облыс көлемінде өткізілді.

2018 жылы қыркүйек айында Амангелді ауданының 90 жылдығы облыс көлемінде аталып өтіледі.

1928 жылы аудан құрылғанда біраз мекеме алғашқы салынған мектептің қасында 1950 жылға дейін почта болған кеңседе болған, аудан дәрігерлері, аурухана да 1940 жылы аурухана салынғанша сонда болған. 1936-37 жылдары аудандық партия комитетінің кеңсесі, атқару комитетінің біраз мекемелері (бөлімдері) сиятын кеңсе, сот, прокуратура, ағарту кабинеті, комсомол комитеті, банк, сақтық касса, селолық кеңес, кітапхана, тұтынушылар Одағының кеңсе орны, тағы басқа кеңселер жаңадан салынды. Милиция, қауіпсіздік комитеті Сатыбалдының қызыл үйіне 1928 жылдан бастап орналасқан.



Халқымыздың жадында мәңгілік сақталатын оқиға – Қазақ Елінің Тәуелсіздік алуы. Ғасырлар бойы армандаған Тәуелсіздік бізге оңай келмегені анық. Халқымыздың жүздеген, мыңдаған ұл-қыздары осы жолда өздерін құрбандыққа шалып, азаттық жолында шәйіт болды. Тәуелсіздік – ұлт көшбасшыларының ұйымдастыруымен жүздеген жылдар бойы жүргізіліп келген азаттық күресінің нәтижесі.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары барша еліміздегі сияқты, біздің ауданда да ауыр болғаны белгілі. Елдің экономикалық әлеуеті көтеріле бастаған 2000-шы жылдардан бастап, ауданның экономикалық және әлеуметтік дамуында елеулі ілгерілеу басталды.

Халықымыз кәсіпкерлікке бейімделіп, 90-шы жылдары азайып кеткен мал басы өсіп, егістіктің көлемі ұлғайды, жаңадан өндірістік нысандар, тұрғын үйлер, мектептер мен балабақшалар салынып, пайдалануға берілді. Кәсіпкерлердің жаңа буыны өсіп қалыптасты. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген қағиданың ақиқаттығына халықтың көзі жетті, болашаққа деген сенімі артты. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың әлеуметтік тұрғыдан бірінен бірі алшақ емес Еңбек қоғамы қалыптастыру, Мәңгілік ел құру идеясы бұқара халық арасында кеңінен қолдау тауып келеді

Осы орайда Ауданның көркейіп кемелденгенің, кәзіргі заман талабына сай, ғимараттардың заманауи тұрғыда бой көтеруінен көруге болады

Еңбектің ерен ерлері

Алтынбаев Мырзағали – 1898 жылы Жыланшықта дүниеге келген.



1929-1957 жылдарда серіктестікте, Иманов колхозында және 1963 жылы «Родник» совхозы құрылғанда осы шаруашылықта аға шопан болып еңбек етті. Әр жүз саулықтан орта есеппен 100-105 қозы алып, әр қойдан 2 кг жуық жүн қырықты. 1947 жылы оның отарында 420 саулық бар еді. Әйгілі шопан бұл саулықтардан 528 қозы алып аман өсірді. Барлық бағландар ірі де күйлі болып өсті. Әрбір қозының етке тапсырылғандағы салмағы 40 кг-нан тартты. Бұл рекордтық көрсеткіш болатын. Отанымыз М.Алтынбаевтың еңбектегі ерлігін жоғары бағалап

СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығы бойынша оған «Социалистік Еңбек Ері» атағын берді.

Әмзин Намазбай – 1912 жылы Ақмола облысының Есіл ауданында дүниеге келген. 1932-1933 жылдары Жанкелдин атындағы ауыл шаруашылық артелінде колхозшы, кейін есепші болып істеді. 1938-1943 жылдарда Осоавиахимнің Амангелді ауданы қорғаныс қоғамы кеңесінің төрағасы болды. 1943-1953 жылдарда Иманов колхозының төрағасы қызметін атқарды. Өзі басқарған Иманов колхозының халқы соғыстан кейінгі бірінші бесжылдық жоспарын жүзеге асыруға құлшына кірісіп, мемлекет тапсырмасын жыл сайын асыра орындап отырды. Олар әсіресе 1947 жылы қоғамдық мал шаруашылығының күрт өркендеуін қамтамасыз етіп, зор табыстарға жетті. Партия мен үкімет озат колхоз председателінің




ұйымдастырушылық қабілетімен қажырлылығын жоғары бағалады. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығы бойынша оған «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді.

Есполов Досан – 1900 жылы Қостанай облысындағы Амангелді ауданының Еңбекші ауылдық советіне қарасты Қарасу ауылында дүниеге келген. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап сельпо төрағасы, кейін ауылдық Кеңес төрағасы болып істеді. 1932 жылы ТОЗ-ды басқарды. Одан соң ұжымшар төрағасы және Амангелді аудандық атқару комитетінің төрағасы болып жемісті қызмет жасады. 1934 жылдан 1963 жылға дейін үнемі еңбекшілер депутаттары Амангелді аудандық Кеңесінің депутаты болып сайланды. Досан колхоз басқаруға өте



қ құлдырап өте төмен деңгейде болды. Жаңа төраға колхоздағы мал шаруашылығы фермаларында жұмыс істейтін адамдарды іріктеп, құрылыс материалдарын табу қиын болса да, мал қораларын салдырды. Жүзеге асырылған шаралар нәтижесінде колхоз мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспары мен мемлекетке ауылшаруашылығы өнімдерін тапсырудың барлық тапсырмаларын табысты орындады. Партия мен үкіметіміз озат колхоз төрағасы Досан Есболовтың еңбегін жоғары бағалады. 1948 жылы СССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы бойынша оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Есполов Қошан – 1894 жылы Қарасу ауылында дүниеге келген. 1912 жылдан бастап бай есігінде жалшы болды. 1920 жылдан ТОЗ мүшесі, 1939-1959 жылдары Абай атындағы ұжымшарда, кейін «Коммунизм жолы» кеңшары құрылғанда аға жылқышы болып еңбек етті. Қошан Ұлы Отан соғысы жылдарында көр сәйгүлік өсірді. Ол өсірген тамаша жауынгерлік аттар генералдар Л.М.Доватордың, П.А.Беловтың, И.А.Плиевтің даңқты қызыл атты әскерлерін шайқасқа алып кірді. Соғыс



аяқталғаннан кейін де ол сүйікті ісіне жаңа күш-жігермен кірісіті. Өйткені, соғыс шарпыған аудандарда жылқы тіпті қалмаған еді. Сөйтіп, ол әрбір құлынды ұқыптылықпен өсірді. ауыр күндерде кірісті. Ол 1942 жылы Калинин атындағы ауыл шаруашылық артелінің төрағасы болып сайланғанда шаруашылыӘйгілі жылқышы әсіресі 1947 жылы еңбекте аса көрнекті ерлік көрсетті. Ол әрбір құлынды ұқыптылықпен өсірді. Ол 58 биеден 58 құлын алып, оларды аман өсірді. Отанымыз бұл ерлікті лайықты бағалады. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығы бойынша Қошан Есболовқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.



Қожабаев Бірәлі – 1890 жылы Амангелді ауданы Үрпек ауылында дүниеге келген. 1932 жылдан 1960 жылға дейін Иманов атындағы колхозда шопан болып еңбек етті. Шопан шеберлігінің шыңына ол соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда көтерілді, әсіресе 1947 жылы 400 қазақы тұқымды саулықтан 488 қозы алып, ерекше көзге түсті. Ол барлық төлді аман сақтады. Олардың әрқайсысының тірідей салмағы орта есеппен 40 кг-ға жетті.

Отанымыз осы көрнекті жетістікті жоғары бағалады. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығы бойынша Бірәлі Қожабаевқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Нұрғожин Мұқыш – 1886 жылы Торғай кентінде дүниеге келген. 1943-1965 жылдары «Шилі» колхозында жылқышы болып еңбек еткен. Жылқы шаруашылығын өркендетуде Мұқыш зор еңбек сіңірді. Жылқышы өсірген қырдың мықты аттары майдандағы армияның керуендеріне пайдаланылды. 5 жыл ішінде Мұқыш пен оның серіктерінің қамқорлығының нәтижесінде фермадағы жылқы саны 9 есе өсті. 1948 жылы



колхозда 300-ден астам жылқы болды. Ол 1947 жылы өзіне бекітіліп берілген 50 биеден 50 құлын алып, олардың барлығын аман өсірді. Бұл – атақты жылқышының еліміздегі таңдаулы малшылардың қатарына қосқан аса көрнекті еңбек жеңісі еді. Осы еңбегі жоғары


бағаланып СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығы бойынша Мұқыш Нұрғожинге Социалистік Еңбек Ері атағы



Омаров Байділдә – 1902 жылы Үрпек ауылында дүниеге келген. 1929 жылдан бастап Иманов атындағы колхозда қатардағы колхозшы, кейін есепші, қой

фермасының меңгерушісі болып табысты қызмет жасаған. 1951 жылдан КПСС мүшесі. Ол фермадағы шопандар еңбегін олар қой шаруашылығы өнімдерін неғұрлым молайтуды қамтамасыз ете алатындай етіп ұйымдастырды. Адамдар қажырлы еңбек етті. 1947 жылы фермада 1302 құйрықты саулық болды. Олардан 1745 қозы алып өсірілді. Олардың орта салмағы қозы айыру кезінде 40 кг-ға жетті. Бұл бүкіл ферма көлемінде қол жеткен аса зор жеңіс еді. Отанымыз бұл ерлікті лайықты бағалады. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығы бойынша Байділдә Омаровқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Жансапақов Қалмағанбет – 1882 жылы Үрпекте дүниеге келген, 1930 жылы серіктестікке мүше, одан соң «Комсомол» колхозы құрылғанда сонда шопан, кейін Иманов атындағы совхозда аға шопан болып еңбек еткен. 1947 жылы Қалмағанбет туған колхозын бұрын соңды болып көрмеген көрсеткішімен қуантты. 426 саулықтан 567 қозы өсірді. Олардың етке тапсырылғандағы салмағы 41 кг-нан тартты. Еңбектегі көрнекті ерлігі үшін СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығы бойынша Қалмағанбет Жансапақовқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді



Жұманов Шағыр – 1883 жылы Амантоғайда дүниеге келген. 14 жасынан бастап жергілікті байдың жалшысы болды. 1927 жылдан ТОЗ мүшесі. 1930-1937 жылдары Амантоғай ауыл шаруашылық артелінде шопан, 1937 жылдан бастап Шилісай колхозында аға шопан болып еңбек еткен. Шопан шеберлігі әсіресе соғыстан кейінгі бесжылдықтар кезінде ерекше көзге түсті. 1947 жылы ол нағыз

қажырлы еңбектің үлгісін көрсетті. Шағыр құйрықты 448 саулықтан 603 қозы өргізіп, айырған кезде олардың әрқайсысының салмағы 42 кг-нан тартты. Қой шаруашылығындағы бұл ерекше жетістікті

Отанымыз жоғары бағалады. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығы бойынша Шағыр Жұмановқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.



Сәpieв Баяхмет – 1892 жылы Шиліде дүниеге келген. 1925 жылдан бастап жерді бірлесіп өңдеу жөніндегі серіктестік мүшесі болған. Кейін «Ақсуат» колхозында аға шопан болып еңбек етіп, жоғары табыстарға жеткен. 1947 жылы ол 415 саулықтан 500 қозы алып, оның әрқайсысының рекордтық салмағын қозы айырғанда 43 кг-ға жеткізген оның даңқы бүкіл Қазақстанға жайылды. Көп ұзамай

бұл көрнекті табыс қарапайым еңбек адамын зор құрметке бөледі. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығы бойынша Баяхмет Сәpieвке Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Сыздықов Әбу – 1896 жылы Қарасу ауылында дүниеге келген. 1914-1930 жылдары қатардағы жұмысшы, 1930 жылдан бастап Чкалов атындағы колхоздың аға шопаны болып жұмыс істеді. 1965 жылдан бері «Коммунизм жолы» совхозының ветеринарлық санитары болып істеді. Екі мәрте еңбекшілер депутаттары Амангелді аудандық Кеңесінің депутаты болып сайланған Соғыс жылдары шопан жоғары көрсеткіш үшін жан аямай күресіп, жауды жеңу ісіне өзінің еңбектегі үлесін қосты. Соғыстан кейінгі алғашқы бесжылдық




басталғанда 1947 жылы атақты шопан көтеріңкі міндеттемелер алып, оны ойдағыдай орындап шықты. Құйрықты 410 саулық қойдан 529 қозы алып, оның әрқайсысының салмағын қозы айырғанда 45 кг-ға жеткізді. Қарапайым еңбеккердің еңбегін партия мен үкімет жоғары бағалады. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығы бойынша Әбу Сыздықовқа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.



Тоңашин Мұхамедия – 1886 жылы Жыланшықта дүниеге келген. 1930 жылдан Чапаев атындағы колхоз құрылғаннан бастап жылқышы болып еңбек еткен. Ол ауылда алғашқылардың бірі болып колхозға кіріп, онда өмір бойы адал, қажырлы еңбек етті. Ширек ғасырдан аса колхоз жылқысын бақты. Сол жылдар бойы тәжірибелі жылқышы колхоз байлығын молайтып, дамытуда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген. 1947 жылы ол 50 биеден 50 құлын алып, аман өсірді. Атақты жылқышының қажырлы еңбегі жоғары бағаланып, СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығы бойынша Мұхамедия Тоңашинге Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Шаяндин Бисапак – 1897 жылы Қарасу ауылында дүниеге келген. 1933 жылдан 1939 жылға дейін «Қызылтаң» ауыл шаруашылық артелінде колхозшы, кейін 1939-1952 жылдары колхоз басқармасының төрағасы болып қызмет істеген. 1952 жылдан 1961 жылға дейін еңбекшілер депутаттарының Еңбекші ауылдық кеңесінің төрағасы болды. Қажып-шаршауды білмейтін, қабілетті төраға басқарған колхоз күш жинай бастады. Отан соғысы жылдары «Қызылтаң» колхозы майданға көмек көрсете отырып, мемлекетке ауыл шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспарын үнемі асыра орындады, шаруашылық та өркендей берді. Колхоз басшысының қажырлы еңбегі бірнеше рет үкімет тарапынан жоғары бағаланып, соғыстың алдында ол «Еңбектегі ерлігі үшін», ал соғыс аяқталған соң «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медальдарымен марапатталды. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығы бойынша Бисапак Шаяндинге Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.





Шәйкенов Еркін – 1926 жылы Қабырға ауылында дүниеге келген. 1941 жылдан бері Крупская атындағы колхозда шопан, қой фермасының меңгерушісі болып істеді. Кейін Первомай МТС-нің агрономы болып еңбек етті. 1957-1960 жылдары қайтадан Крупская атындағы колхоздың шопаны болды. 1961 жылдан Крупская атындағы совхоздың бөлімше зоотехнигі қызметтерін атқарды. Соғыспен ере келген өмір мен еңбектің барлық ауыртпалығы Еркін сияқты

жастардың үлесіне тиді. Он бес жасар ол бір отар қойды қолына алды. Көп ұзамай жақсы шопан да болып шықты. 1948 жылы ең жоғары көрсеткішке қолы жетті. Сол жылы озат шопан әр жүз саулықтан 125 қозы алып, түгел аман өсірді. Бұл табыс оны еліміздің тандаулы шопандары қатарына қосты. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1948 жылғы 23 шілдедегі Жарлығы бойынша Еркін Шәйкеновке Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Тілеулин Тарғынбек – 1942 жылы Амангелді селосында дүниеге келген. 1959 жылы орта мектепті, кейін №154-ші аудандық кәсіптік-техникалық училищені бітірген. Амангелді АТП-ның жүргізушісі болып жұмыс істеген. Бейнетқор азамат үнемі алыс жолда жүріп, бесжылдық жоспарларды артығымен орындаған. Үлкен жүк машинасына бір тіркеме, кейін екі, кейде үш тіркемеге дейін тіркеп, бір қатынағанда 100 тоннаға дейін жүк тасуға



қол жеткізген. Үкімет тарапынан еңбегі үнемі еленіп отырған. 1971 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталады. Ау дандық, облыстық кеңеске бірнешемерте депутат болып сайланған. Торғай облысынан КСРО кәсіподақтарының XVI съезіне делегат болып қатысқан. Үнемі еңбекпен есейген азамат қыстың суығына, жаздың ыстығына төзіп, ауыр жұмыс, алыс жолдарға сапар шеккен. Тапсырылған жұмысты абыройлы атқарған. Еңбектегі жетістігі үшін 1976 жылы Тарғынбек Тілеулинге «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді.

Социалистік Еңбек Ерлер





Аудан орталығында Еңбек Ерлеріне орнатылған ескерткіш-белгі

Есімі - ел есінде

ЕР ТАРҒЫН

Социалистік Еңбек Ері марқұм Тарғынбек Жәкенұлы Тілеулин туралы толғау

1



Ер Тарғын деген атында —
Ерліктің қайсар қаны бар.
Атыңа сай затың да,
Заманның заңғар саңы бар.

Сол саңың бүгін бірісің,
Шыңдалып биік көрінген.
Қара жолда қасқайып,
Тұлпар мінген темірден.

Мерейі үшін еліңнің,
Маңдайдан терің төгілген.
Еңбекпен жасап ерлікті,
Қабырғаң сенің сөгілген.

Елім деген ерлердің,
Есімі өлмес қашанда.
Кеудеңде Алтын жұлдыздың
Орнасын бейнең ортада.

Ер Тарғын десе — Ер Тарғын,
Табылдың өмір өрінен.
Сабырлы тұлға, сырбаз жан,
Көріңдің елдің төрінен.

Ерліңді бағалап,
Қонаев та қолдалы.
Дәмдес қылып өзімен,
Алғыс-тілек жолдалы.

Небір игі жақсылар,
Жаныңда жүрді жол бастап.
Әкең де батыр болыпты,
Қысылғанда қол бастап.

Еліміздің елдігін
Қашан да ерлер сақтаған.
Шын тұлпарды шыңдаумен,
Елі де оны баптаған —

2

дей отырып, кешегі кеңес заманы кезінде, қан майданда қан кешіп, Отан үшін жан кешкен, болмаса сол заманның солақай сотқарлығына, саясаттың сан сырлы соқпағымен жүріп, намысын нанша илетпеу үшін қасиетті қазақтың қанына сіңген, қайсар жүрек батырлығы майданда майыспай, еңбек пен бейнеттен қайыспай, батыллықтың байыбына, еңбекқорлықтың заңғар биігіне шыққан сан мыңдаған еңбек майданшылның бірі, ерен еңбегімен Социалистік Еңбек Ері атағына ие болып, кеудесіне Алтын Жұлдыз орденін жарқыратып, туған жерінің түлегі болып, темір тұлпары мен тапжылмай еңбек етіп елінің еңсесін биік ұстауға ат салысқан қажырлы қайраткер Тарғынбек Жәкенұлы Тілеулинді Қазақстан халқының оның ішінде Амангелді ауданының ардақты да абыройлы азаматтың өзі өлсе де өзекті істерін өшірмей мақтанышпен маркайып, әрбір ауылдастары айта жүруінің өзі абыройының асқақтығын, мерейлі мекеніне мейірім шуағы үстем екендігін көрсетері сөзсіз.

Ер Тарғын деген атын әкесі Жәкен баласының бойынан туа біткен тума талантты байқағандай, болмаса қос дәуірге қос жүрек боларын сәбиінің жүрегінің лүпілі мен інділаған үнінен байқаған болар. “Әке - балаға сыншы” деген сыралғы сөзді сынаптай сүзе қарасақ қазақтың эпос жыр-дастанына айналған Ер Тарғын батырдың атын ұлтының ұлан батыры болсын деп ұлықтап қойғаны айдай анық. Кейіннен Тарғынбек деп, бек-сұлтандардың атын ырымдауы болар. Олай болса сол әкенің асыл арманын, абыройлы еңбек жолымен, ел ішінде сыйлы бола білуімен ақтай білген азамат.

Тарғынбектің өз атынан гөрі “Герой” аты көп аталатынын байқадым. Өз әріптестерінің айтуына қарағанда, отырған ортада салмақты да сарабдал, сөздерді саралай сөйлеп, түйлек-телген төрелі сөзді кең жаурынды, зор денесін нық ұстап күн іренген қояр үнімен төгіп-төгіп бірақ айтушы еді. Әзіл-қалжыңды өспеттей келіп, әсерлі сөзді әсемдей сөйлеп, еріксіз күлдіріп те қоятын — дейді. Ондай қымастық көңілдің, қаймағы болған, туыс-тума бауырларының аялай күткен аймағы болған. “Туған жердің топырағын аттап өтпей, қар жастанып мұз төсеніп, алтын бесігіне бөленіп өскен, ауылының тамырына нәр құйып, өміріне дән құйып, ақтық демі біткенше ақсұңқардай қанатын талдырмай еңбек жолын ерен ерлігімен көрсете білген, аяулы азаматтың асыл мүсіні ауданымыздың ортасынан орын алса, кейінгі мынау есепсіз емшек емсем, еңбексіз, бейнетсіз өмір сүрсем” деп, болмаса білімсіз еңбек болмайды.

Білімді ғана білсем деп ауылды тастап, қалаға, қаланы тастап далаға сырттап жүрген жастарымызға еңбек адамының кеудесі Алтын жұлдызбен жарқырап, көкірегі көкке самғап, еңбек жолымен қазақ халқының қалаулысы, елінің еркесі болғандығын, көкірегі ояу, көзі ашық ұрпаққа бірден-бір сабақ болар еді деген үміттемін. Еңбек адамын қолдайтын себебім де бар, өйткені мен өзім 4 жыл Торғай елінде құрық ұстап, қой айдаған қойшының жолдасы едім. Енді сол құрықты қаламға айналдырып, еңбек жолымен еңсесі биік көрінген Тарғынбек Жәкенұлы Тілеулинді жерлес туыс ретінде мақтан тұтамын.

Олай дейтінім мен өзім Амангелді ауданы Қабырға ауылының қызы боламын. Сондықтан маған туған жердің топырағынан шыққан қара талы мен сол талды құрттан тазартқан тоқылдағы да қымбат.

Мақтанам маралды елдің маркасына,
Маржан жыр шашу шашам алқасына,
Ауылдың аңқылдаған анасымын,
Сондықтан ыстық маған жартасы да.

Мақтаныш — Тарғынбектей батырларым,
Көркейткен еңбегімен атырабын.
Ер болсаң — еңбектеніп елді күт деп,
Жастарды жарқын жолға шақырамын.

Ер Тарғын — ерлігімен батыр болған
Еңбекті бағалаған нақыл жолдан.

деген үмітті-тілекті үкілей отырып, дүниеден өзі өтсе де өрелі жолдары, өнетелі істері өлмеген, еңбек адамының бақытты да, байсалды тұлғасы келешек жастарға кеменгерлік жол сілтеп тұрған Тарғынбек Жәкенұлы Тілеулин жайлы өз пікірімді білдіріп отырмын.

“Ер қанаты — елмен көгереді,

Жер қанаты — көлмен көгереді”.

“Еліңді көгертсем десең — еңбектен қашпа,

Көліңді көгертсем десең ернеуін баспа” — деп халқымыз бекер айтпаған.

Бейнеттен бел шешпеген халқы үшін,
Халқының қасиетті даңқы үшін.

Тәуелді бола жүріп кеңестікке
Ерліктің туын тікті кеңестікке!!
Есігін екі дәуір еркін ашып,
Жол салды Тәуелсіз ел бесігіне.

Тербелген талбесікке кейінгі ұрпақ,
Үлгі салып Тарғынбектей батыр болса,
Ел үшін етігімен суын кешіп,
Шыңына қаршығадай шырқай қонса —

Сағила ОРАЗБЕККЕЛІНІ,
Арқалық қаласы, Ақбидай ауылы.

Біздің даңқты жерлестеріміз

ӘРУАҒЫҢА БАС ИЕМІЗ, ЖАН ӘКЕ!

33 жасында Социалистік Еңбек Ері атағын иеленген, шын мәнінде де Еңбек Батыры марқұм Тарғынбек Жәкенұлы Тілеулин – тек Аманкелді ауданының ғана емес, барша қазақ елінің ардақ тұтар асыл перзенттерінің бірі еді. Оған Еңбек Ері атағы 1976 жылы көктемде берілді. Бұл зор атаққа аудан халқы қуанды. Өйткені, сонау 1948 жылдан кейінгі жалғыз шыққан еңбек батыры болған Тарғынбек аға еді. Сол бір қуанышты күн көзкөргендердің әлі есінде... Аманкелділіктердің ризалығында шек болған жоқ.

Тақыр жерге - шоп шығар ма?! Тәкен - текті тұқымның һәм тұлпардың тұяғы еді. Оның атасы Тілеулі – бар болғаны 37 жыл өмір сүрсе де, әділ билігімен, отауызды, орақтілді шешендігімен халқының жүрегінен орын алған ірі тұлға еді. Ал әкесі Жәкен Тілеуліұлы болса - халық батыры Аманкелді атамyzдың қанды қойлек серігі атанған хас батырдың бірі болған кісі екен. Міне, осындай жақсылардың жалғасы Тарғынбек аға өз ерлігін еңбекте көрсетті.

Тарғынбек Тілеулин – даңқты тұлға. Ұмытылмас ер! Оның өмірден өткеніне 15 маусым күні 10 жыл толады. Зымырап өтіп бара жатқан үшкір уақытта тоқтау бар ма? Күні кеше ғана сияқты еді. Тәкеннің өмірі мен еңбегін, кісілік келбетін кейінгі ұрпаққа үлгі ету – барнамызға ортақ парыз. Дегенмен аға рухын пір тұтқан інісі Сәрсенбай мен әке әруағын аялаған Бейсенбай бастаған балалары Төкен туралы кітап шығару ісін ұйымдастырып жатыр. Олардың бұл қадамдарына сәттілік тілей тұра, баласы Бейсенбайдың естелігін оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.



Сол жағында тайсалмай: Әй Рахмет, әзізді, басшының. Кезіндегі Айтқұз. Оң жағында: Әйтемі, әйтемі, марқұмның осылай



Тарғынбек Тілеулин мен Есет Бейсенов



*Социалистік Еңбек Ерлер
Ағайынды Қосан, Досан Есполовтар*

**Амангелді аудандық мұражайда орналасқан
Социалистік Еңбек Ерлерінің
және еңбек ардагерлерінің бұрышы**





Социалистік Еңбек Ерлері



Еңбек ардагерлері



*Автотранспорт кәсіпорнының жүргізушісі Тарғынбек Тілеулин, Иманов
атындағы совхоздың аға шопаны Сейілхан Сыздықов*



*Қазақстан компартиясының XIV съезі
Алматы, февраль 1986 ж.*



*СССР Кәсіподақтарының XVIII съезі
Мәскеу. Кремль, февраль 1987 ж.*



Мәскеу. Кремль.



*Автомобиль көлігі және тас жолдары жұмысшылар кәсіподағының
XIV съезі*



V Облыстық партия конференциясының делегаттары

*Кітапхананың мекен- жайы : 101200,
Қостанай облысы, Амангелді ауданы
Дүйсенбин көшесі, 38
Тел.8(71440)21-3-99,21-7-70
aman.kitaphana@mail.ru*

*Құрастырушы: А.К. Аубакирова
Компьютерлік терілім: А.К. Аубакирова
Редактор: Бірмағанбетова Ж. Б.
Таралым 10
Басылым: ксерокс*